



№73  
(2244)  
Сәрсенбі  
28 тамыз  
2024 жыл



Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады

Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

# ТУҒПАЖ- ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## БЮДЖЕТ ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ МЕН САЛЫҚ БАЗАСЫН ҰЛҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен салық базасын ұлғайтуға байланысты мәжіліс өтті. Мәжіліске дербес бөлімдер мен мекемелер, кәсіпорындардың басшылары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе – салық базасын ұлғайтуға байланысты берілген тапсырмалардың орындалуы мен осы мақсатта арнайы құрылған жұмысшы топтардың жұмысы жөнінде аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Бақытжан Жарылқап хабарлама жасады.

Мұнан соң аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Ақтілеу Бөріқұлақов аудандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелімі туралы хабарласа, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы Мейрамбек Ибраимов бюджет жоспарының орындалуы және қосымша резерв көздері туралы



баяндама жасады.

Баяндамашы мен хабарламашылардың сөздерін тыңдаған аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет бюджет түсімі бойынша белгіленген жоспардың толық орындалуы тиіс екенін атап айтты. Сондай-ақ бюджетке кіріс түсірудің

жолдары өте көп екенін айта келіп, ең алдымен салық базасын ұлғайтуға байланысты құрылған жұмысшы топтың жұмысын күшейтуді қатаң тапсырды. Сонымен қатар, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында әрбір ауылда туып өскен кәсіпкер азаматтардың туған жерлерінде

мүмкіндігінше кәсіп көзін ашу, салық төлеуші ретінде тіркелуін ұйымдастыру керектігін және салық салу базасын ұлғайту үшін барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, өз бюджетімізге қаржы түсіру қажеттігін айтты. Ал, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы Мейрамбек Ибраимовқа 2023 жыл үшін көлік салығын төлеу мерзімі аяқталғанымен әлі де жеке тұлғалардың көлік салығына берешектерін өндіру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілмей жатқандығын ескертті.

Жиын соңында аудан басшысы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы жұмыстарға тоқталып, бұл жұмыстар жыл соңында дейін жалғасатындығын айтты. Осыған сәйкес тазалық мәселесін күн тәртібінен түсірмей жауаптыларға әрбір аумақ бойынша тазалық жұмыстарын ұдайы жүргізіп отыруды тапсырды.

## ҚҰРЫЛЫС, АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮНДЕЛІКТІ БАҚЫЛАУДА

Қазіргі таңда Әйтеке би кентінде құрылыс жұмыстарымен қатар аудан орталығын көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Атқарылып жатқан жұмыстардың да сапасы күнделікті аудан әкімінің бақылауында.

Бүгінде ауданның бас қақпасы саналатын теміржол вокзалы аумағы мен вокзал алдындағы Әйтеке би алаңын, Жанқожа батыр көшесінің бойында орналасқан Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейін, аудан әкімдігі ғимаратының алдын және Жанқожа батыр кесенесінің аумағын абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мұнымен қатар, аймақ басшысының бастамасымен құрылысы басталған «Руханият» орталығының құрылысы қарқынды. Қазір орталықтың іргетасын құю жұмыстары атқарылуда. Типтік үлгідегі орталық жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет салаға жауапты орынбасары, Әйтеке би кентінің әкімімен бірге аудан орталығында бой көтерген құрылыс нысандары мен абаттандыру жұмыстары жүргізілген жерлерді аралап, жұмыстардың сапасын бақылады. Сондай-ақ мердігер мекемелердің басшылары, жауапты қызметкерлерімен бірге жұмыс барысын талқылап, тұрғындардың игілігі үшін салынып жатқан бұл нысандарды өз мерзімінде аяқтауды тапсырды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің  
баспасөз қызметі**

## ТАЗАЛЫҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



Қоршаған орта-адамзат өмір сүріп жатқан ортақ мекен. Оны таза ұстау біздің басты міндетіміз. Қазіргі таңда табиғатты таза ұстау мақсатында "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акциясы жалғасын тауып келеді. Сондай-ақ, акция жыл соңына дейін жалғасатын бо-

лады. Ауданымыздағы белсенділер мен мекеме қызметкерлерінің қатысуымен әр апта сайын сенбілік жұмыстары жүргізіліп келеді. Таза табиғат, таза орта тек мекеме қызметкерлері үшін ғана емес, әрбір адам тұрғылықты мекенін таза ұстауы басты парызы деп есептеуі тиіс. Кейбір тазалық сақтағысы келмейтін,

қолындағы қалдықтарын әр жерге лақтырып жүре беретін адамдар үшін бейнебақылау камералары да орнатылған. Көктем айларында таза ауа үшін қала, кент, ауылдық округтерде тал көшеттері отырғызылып, қазіргі кезде жасыл желек бой түзеуде. Лас қалдықтардың салдарынан ауаның да ласдануы әлемдік деңгейде алаңдатушылық тудыруда. Табиғат-тіршілік көзі. Табиғатты сақтап, ауданымыздың әрбір тұсын жайқалтуға, таза ұстауға жұмыла жұмыс істесек, қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесіміз болар еді.

**Ұлпан ІБРАШ,  
«Тұран-Қазалы»**

●30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні мерекесі!

**ЕЛ ТІРЕГІ – АТА ЗАҢ!**

Әлемдегі кез келген тәуелсіз мемлекеттің ғасырлар бойы өз құнын жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан заңдар жинағы болады. Осындай Ата Заң біздің елімізде де, яғни Қазақстан Республикасында да ел тәуелсіздігін нығайту барысында қабылданды. Мемлекетіміз тым қысқа мерзімде өз Конституциясын жариялап, қабылдағаны талайларды таңқалдырды.

Конституция тек мемлекеттің ғана емес, қоғам өмірінің жол көрсетушісі – Ата Заңы болып табылады. Осы идеяның меншікке, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғамдық бірлестіктерге, отбасына және тағы басқаларға қатысы бар екендігін ешқашан естен шығармауымыз керек. Конституцияны бірауыздан қабылдай отырып, Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – өзінің егемендік құқығын іске асырды.

Кез келген демократиялық мемлекеттің таңдаған өркениетті бағыты бойынша дамуына ықпал ететін заңды іргетасы – Конституциясының болуы міндетті және онда айтылғандарды бұлжытпастан орындау әрбір азаматтың қасиетті борышы. Дүние



жүзіндегі елдердің барлығында мемлекеттік басқару тетігі Конституция негізінде және соның аясында жұмыс істейді. Бұл кез келген құқықтық мемлекеттің басты өмірлік нормасы болып табылады.

Еліміздің Ата Заңы адамзат баласының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Біздің тәуелсіздігіміздің кепіліне айналған Конституция – бабалардың даналығы мен қазіргі заманның рухын бірлестіре үйлестірген, жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың теңдігін тегіне қарамастан

бекіткен ұлы құжат болды.

Ата Заңымыз мемлекеттіліктің барлық арман-мүддесін толық қамтыған, елімізде жүзеге асқан және жүзеге асатын саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңарулар мен жетістіктердің құқықтық тұғыры ретінде бағаланды. Ол Қазақстанның тәуелсіздігін түбегейлі айқындап, мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы мен бекуінің нық негізін қалады. Жаңа Конституция өз күшіне енгеннен кейін кеңестік сипаттағы жалған де-

мократия мен жалаң биліктің белең алуына жол берілмей, әлемдік өркениетке тән рухани құндылықтар мен саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге жол ашылды. Сонымен қатар, еркіндік пен теңдік сезімдері терең, тарихи, мәдени, рухани дәстүрі бай ежелгі қазақ халқының өзіндік ұлттық даму ерекшеліктері де ескерілді.

Мемлекет – бұл Конституцияның түлегі. Себебі, Конституция арқылы мемлекет өзінің халықаралық және ішкі деңгейдегі құқықтық мәртебесін бекітеді. Сол арқылы ол өз әрекетін құқықтық қамтамасыз етеді. Конституция – мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі. Осы тарихи құжат арқылы біз еркіндігіміздің негізін, тәуелсіздігіміздің іргетасын бекіте түстік. Бұдан былайғы кезеңде де тәуелсіз ел ретінде өркендей беруіміздің кепілі бола береді. Конституция қағидалары толықтай елімізді демократияландыруға, экономикалық өрлеуге, халықаралық деңгейде өсуге, ішкі деңгейді әлеуметтік, саяси-құқықтық тұрақтылыққа, ауыз бірлікке шақырады.

**Серік БЕРТАЙ,**  
**Қазалы аудандық сотының судьясы**

**ШАШАҚОВАНЫҢ ШЕКПЕНІНЕН ШЫҚҚАН ШӘКРИЗАТ**

Балабақша – тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Білімді ұрпақ ұлтымыздың баға жетпес байлығы десек, ұрпаққа ең алғаш білім мен тәрбие беретін орын – балабақша. Бала өмірінде балабақшаның маңызы зор. Оны балабақшаға барған бала мен бармаған балаға қарап тұрып аңғаруға болады. Бар білімнің бастауы балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, өскелең ұрпақ солғұрлым қабілетті болып қалыптасады.

Ұлттық құндылығымызды жан ұядан бастап санасына сіңіріп өскен сәбиді тәрбиелеп жатқан балабақша қызметкерлерінің еңбегі зор десек, ондағы бала жанының бағбандары барлық құрметке лайық. Осындай құрметті жанның бірі – Қазалы қаласындағы «Өрімтал»

бөбекжай-балабақшасының әдіскері Нарымбетова Шәкризат Аралбайқызы.

Мен Шәки апайды осы балабақшаның табалдырығын аттаған күнінен білемін. Ол уақытта менің Айсәуле мен Жанар апаларым осы балабақшада еңбек етті.

Нарымбетова Шәкризат Аралбайқызы 1969 жылы 19 қыркүйекте Арал ауданы, Қаратерек аулында дүниеге келген. 1990 жылы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училище «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша бітіріп, 1991 жылдың қаңтар айында еңбек жолын Қазалы қаласындағы №3 «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеші болып бастайды. Еңбектен қол үзбей 2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік Университетінің «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білім алады. 17 жыл тәрбиеші қызметін абыройлы атқарып, 2008 жылы балабақшаның әдіскері қызметіне жоғарылатылады. Міне, бұл қызметті де абыроймен атқарып келе жатқанына 16 жыл. Бұл күнде «Педагог-сарапшы» санатты балабақша әдіскері.

Шәкризат Аралбайқызы мамандығын адаспай тапқан жан. Олай дейтінім 33 жыл бұрын сол кездегі аудан, облысқа ғана емес, республикаға танымал балабақшаның меңгерушісі Шашақова Алтынай Сәтебайқызының шекпенінен шықты. Алтынай Сәтебайқызы

өте талантты, жаңашыл, навадор басшы еді. Сол кезде балабақшадағы «Шаңырақ» ұлттық бағдарламасы республикадағы мектепке дейінгі білім беру ұйымына таратылғанды. Сол бағдарламаны таратуға ықпал еткен сол кездегі жас маман, талдырмаш қыз Шәкризаттай балабақшаның педагогикалық ұжымы болатын.

Міне, осындай жұмыстардың басы – қасында болып, өз үлесін қосып келе жатқан Шәкризат Аралбайқызының ұйымдастыру қабілеті өте жоғары, шығармашыл педагог. Осындай қабілетімен ұжымның әдістемелік жұмысын ұтымды үйлестіріп келеді. Өмірлік ұстанымы - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда балаларға білім мен тәрбиені үйретуде шығармашылықпен жұмыс істеу. Тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларын дамытуда, тәрбие беруде ұжымдағы педагогтардың озық инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жоғары педагогикалық тағылыммен, шығармашылық әдіспен өткізуін басты назарда ұстайды. Ұжымда адамдармен, қызметкерлермен, ата-аналармен қарым-қатынасы қалыптасқан сыйлы жан.

Ұжымдағы тәрбиешілерге адамгершілікпен қарай отырып, нақтылықты, жауапкершілікті талап етеді. Оқу мен тәрбиенің бірлігін әр уақытта іске асыруға күш салады. Балабақша тәрбиеленушілерінің терең біліммен қатар өнегелі тәрбие алып, ұлттық құндылықтармен байытуын мақсат тұтады. Өз

қызметінде тәрбиеші-әдіскер бола жүріп өзі де және әріптес тәрбиешілерін көптеген облыстық, республикалық байқаулар мен сайыстардың, шығармашылық жарыстардың жүлдегері болуға баулып келеді. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын әдістемелік тұрғыдан талдап, педагогтарға оң бағыт сілтеп, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында әрбір тәрбиешінің жаңа технологиямен, жаңашылдықпен жұмыс істеуіне ықпал етуде. Басшының бастамаларын іске асыруы мен өзінің тыңғылықты, жоспарлы жұмыстарының нәтижесінде балабақша ұжымы көптеген биік белестерді бағындырып келеді. «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасы Қызылорда облысының білім беру басқармасы оқу орталығы (Әдістемелік кабинет) ұйымдастырған «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ойын технологиясының тиімділігі» тақырыбындағы облыстық семинарын, «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына аралық мониторинг жүргізу механизмі» тақырыбындағы облыстық вебинарын, Қазалы аудандық білім бөлімі ұйымдастырған «Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін, эксперименттік қызметін дамытудың жолдары» тақырыбындағы аудандық семинарын ұйымшылдықпен өткізіп, балабақша педагогтарының іс – тәжірибесін аудан, облыс көлемінде таратты.



## МӘУЛІТ АЙЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ МОЛ БОЛСЫН!

Алла қаласа, алда Мәуліт мерекесі. Бұл әрине күллі мұсылмандар үшін ортақ қуаныш. Мәуліт сөздікте «туылған күн, туылған жер» деген мағыналарды, ал дінімізде баршамызға мәлім ардақты Пайғамбарымыздың (с.а.у.) туылған күніне орай өткізілетін мерекелік іс-шараларды білдіреді.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) туылған күні 571жылдың Рабиғұл-аууал айының он екінші жұлдызы. Бұл отқа табынушылардың оты сөніп, көпірлердің пұттары қираған уақыт, әлем нұрға бөленіп, Аллаһ пен ақыреттен үміті бар жандардың тағатсыздана күткен сәті болатын.

Мәуліт айында мәдени іс-шаралар өткізіп, Пайғамбарымызды (с.а.у.) дәріптеп, оған салауаттар айтып, оның сара жолынан, көркем әдебінен, нұр шашқан руханиятынан молырақ нәсіп алуға арналған мәуліт кештерін мақтанышпен атап көрсетуге болады.

Пайғамбарымызға салауат айту дегеніміз –дұға, жарылқау, береке тілеу, ұлықтау деген мағыналарды білдіреді.

П а й ғ а м б а р ы м ы з ғ а (с.а.у.) айтылатын салауат, бұл дүниеде ұлылық пен шариғатының үстемдігін және ақыретте үмметіне шапағатшы болуын және сауап, дәрежесін арттыруын тілеу мақсатында айтылады.

Пайғамбарымызға (с.а.у.) салауат айтуды Алла Тағала әмір етіп, Құранда былай дейді. «Алла Тағала мен періштелер Нәбиге (с.а.у.) салауат айтуда. Ей, иман келтіргендер, сендерде Оған (с.а.у.) салауатты айтып, шынайы түрде сәлем беріңдер». («Азғаб» сүресі, 56 аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтады: «Менің атым аталып, маған салауат айтпаған адам нағыз сараңның өзі».

Яғни, хал үстінде жатқанда да «Үмметім, үмметім»деп үмметіне ынтызар болған мейірім Пайғамбарына салауат айту біздерге міндет.

Ал салауат айтудың артықшылығына келетін болсақ, бұл дұғамыздың қабыл болуының бірден-бір шарты.

Хазіреті Омардан (р.а.) риуат етілген хадисте: «Пайғамбарымызға (с.а.у.) салауат айтпайынша дұға аспан мен жердің арасында бөгіліп, көтерілмей тұрады»-делінген. Сонымен қатар салауат айту әрбір мұсылманның екі дүниедегі дәрежесін арттырады.

Себебі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мынандай хадистері бар: «Қиямет күні маған ең жақын адам, маған ең көп салауат айтқандарың».

«Кім маған бір рет салауат айтса, Алла Тағала оған он рахмет жолдайды, оның он күнәсі кешіріліп, он дәрежесі көтеріледі»-делінген.

Сол секілді бүгінде мәулітті атап өтер мереке емес деп, жоққа шығаратындар кезігіп жүр. Әуелі Мәуліт дұрыспа, бұрыс па деген мәселеге келсек, бұл жайында мәуліт алғаш шыға бастағанда да адамдар арасында осындай пікір айырмашылықтары болған. Дегенмен сол дәуірдің ғұламалары бұл істің бидғатқа жатпайтындығын, керісінше мұстахаб (жақсы көрілген) амал екендігін дәлелдегеннен кейін мұсылмандар арасында кеңінен таралған. Пайғамбарымыздың дүниеге аяқ басуы Ұлы Жаратушының ғаламға сыйлаған ең үлкен нығыметі мен жақсылығы екендігі сөзсіз.

Құранда: «Біз сені ғалам үшін рахым етіп қана жібердік»-деп, осы ақиқатты меңзеген.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) арқылы Ұлы Жаратушымыздың қатесіз танып, оның тура жолын таныдық. Ақ пен қараны

ажыратып, жәннәт пен тозақты білдік. Дүниенің мәні мен жаратылыстың мағынасын ұқтық.

Ендеше Пайғамбарымыздың дүниеге келуі –мұсылмандар үшін зор қуаныш. Ұлы Иеміздің құлдарына жасаған ұлы жақсылығы. Ал қуанышты бөлісудің, оны белгілі жүйемен көрсетудің, Алла Тағаланың жақсылығы мен нығыметін шүкір мақсатында жария етудің дінімізде негізі мен дәлелі жеткілікті.

Мәуліт мерекесі тек ән салып, ішіп-жеумен ғана өткізілетін пендешілік мереке емес.

М ә у л і т т е ұйымдастырылатын іс-шараларды түрлендіріп, мазмұнын сан алуан тақырыптармен гүлдендіріп отыру халықтың ынта –ықыласын арттырады сөзсіз.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Мәулітке байланысты фәтуасы телевизияда, БАҚ –тарда кеңінен насихатталып жатқандықтан Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмір жолын қысқартып жазып отырмыз.

Бір ай көлемінде аталып өтілетін мәуліт маусымында пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмірі жайлы кітаптар мен мақалалар оқылса, фильмдер көрсетілсе, уағыздар айтылса асыл мақсатына сай келер еді. Мұхаммед (с.а.у.) Пайғамбарлардың соңғысы болғандықтан біраз нәрсе айтуға болады.

Бұдан кейін Пайғамбар к е л м е й т і н д і к т е н Пайғамбарлықтың кәміл қасиеттері осы пайғамбарға берілуі түсінікті жағдай. Құранның тәжірибе түріндегі тәпсірі болып табылатын оның өмірін бір-екі ауыз сөзге сыйғызу, әлбетте мүмкін емес.

П а й ғ а м б а р ы м ы з д ы ң өнегелі өмірі өзгелерден ерекшеленеді. Мәселен оның

өмір жолының бүкіл адамзатқа үлгі бола білуі.

Шындап қарасақ байдың өмірі кедейге, науқастың өмірі сау адамға, қойшының өмірі ханға толық өнеге бола алмайды. Ал Пайғамбарымыздың өмірі жетімдіктен мемлекет басшысына дейін, әлсіз шара-сыз күйде жапа шегуден сол дұшпандарына үстем болуға дейінгі өмірдің барлық сатысынан өткен.

Тағы бір ерекшелігі дұшпандарының өзі оның адамгершілік тұрғысындағы кемілдігін мойындауы. Өз заманында қас жауларының өзі оның адалдығына сеніп аманатын қалдырса, бүгінде оны Пайғамбар деп қабылдамайтын өзге дін өкілдері де ең ұлы жүз адамның үздігі етуге мәжбүр болды.

Оның (с.а.у.) өмірі әдепте, мәміле де, ер жүректікте, мәрттікте, жомарттықта, жолдастықта, отбасылық өмірде басшылыққа алар асыл қасиеттердің асқақ үлгісіне толы.

С о н д ы қ т а н Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүние салғанына он төрт ғасырдан асса-дағы, ол барша мұсылмандардың жүрегінде мәңгі жасай бермек.

Мәуліт мерекесі осы жылдың қыркүйек айының 15-шы жұлдызынан бастап бір ай бойы тойланады.

Алла Тағала әрбір жанұяға нұрын төгіп, П а й ғ а м б а р ы м ы з д ы ң шапағатын нәсіп етсін. Оның өмір жолымен жүріп, ізін басқан үмметтерінің қатарынан болуымызды жазсын.

Мәуліт мерекесі барша шаңыраққа береке-бірлік, елімізге рухани қуаныш сыйласын.

**Нұрдәулет НӘБИ,**  
**Қазалы аудандық орталық**  
**«Жанқожа батыр»**  
**мешітінің бас имамы**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

«Басықара ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары бекітілген. Сонымен қатар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және олардың салдарларын жою жөнінде үнемі қызметкерлерге құқықтық сауаттандыру мақсатында ай сайын құқықтық оқулар, семинарлар өткізіліп келеді.

Өткізілген құқықтық оқуға

қысқаша тоқталатын болсақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында мүдделер қақтығысы дегеніміз – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды

орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы болып табылады делінген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулерді ауылдық округі әкімі аппараты қызметкерлері жазбаша қабылдап таныстырылған.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Сондықтан да мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсау керек және өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет атқару болып табылады.

**Мұратбек БЕКМАМБЕТОВ,**  
**Басықара ауылдық округінің әкімі**

## ШАШАҚОВАНЫҢ ШЕКПЕНІНЕН ШЫҚҚАН ШӘКРИЗАТ

Ш.Нарымбетова өзі де түрлі белесті бағындырып, әріптестеріне үлгі болып келеді. «Үздік тәрбиеші-2005» облыстық байқауында үшінші орынды иеленіп, Қызылорда облыстық білім беру департаменті мен білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің III дәрежелі дипломымен, «Үздік әдіскер-2014» облыстық байқауында үшінші орынды иеленіп, Қызылорда облысының білім басқармасының III дәрежелі дипломымен марапатталды. Өзінің кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында 2019, 2022 жылдары «Назарбаев зияткерлік мектептері» педагогикалық шеберлік орталығында, 2021, 2023 жылдары «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында біліктілік арттыру курстарында білімін жетілдірді. Әрдайым мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында өткізілетін кәсіби байқауынан қалыс қалмай қатысып келеді. 2023 жылы өткізілген «Идеялар алаңы» аудандық байқауында «Шығармашыл толқын» бағыты бойынша екінші орынды иеленді. Астана қаласының әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Қазақстандағы қазіргі мектепке дейінгі білім: тәжірибесі, жағдайы, және даму перспективалары» тақырыбындағы республикалық ғылыми-

практикалық конференциясына қатысып, іс-тәжірибесі конференция жинағына енді. Қызылорда облысының білім беру басқармасы оқу орталығы (Әдістемелік кабинет) мен «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасы ұйымдастырған «Ерте жастан бастап балаларда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдысын ойын арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы облыстық вебинар жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Қызылорда облыстық оқу орталығының сертификатына ие болды. Бұл жаңашылдыққа жаны құмар әдіскердің алдағы жұмысына мотивация. 2022 жылы «Мен зерттеушімін» республикалық мектепке дейінгі жастағы балалар байқауының облыстық кезеңінде тәрбиеленушілері бірінші орынды, «Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін, эксперименттік қызметін дамытудың жолдары» тақырыбындағы аудандық семинарда іс-тәжірибесімен бөлісіп, Қазалы аудандық білім бөлімінің Алғыс хатымен, «Мектепке дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына аралық мониторинг жүргізу механизмі» тақырыбындағы вебинарда іс-тәжірибесімен бөлісіп, Қызылорда облыстық оқу орталығының сертификатымен марапатталды. Ал 2021 жылы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың алып қоңырауы»

тақырыбындағы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған Республикалық педагогикалық оқудың облыстық кезеңіне қатысып екінші орынды, «Прогноз» республикалық ақпараттық-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Экологиялық тәрбие бойынша ең жақсы өңдеу» атты Республикалық байқауында бірінші орынды, «Зият» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Заманауи сабақ» сайысында бірінші орынды, «Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Мұқағали Мұрасы» атты VII Республикалық онлайн байқауда тәрбиеленушісі Орналы Еркеназ Алғыс хатпен, Мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізілген «Ұлыстың қадам басқан ұлы күні» тақырыбындағы облыстық сурет байқауында тәрбиеленушісі Темірбек Құдірет бірінші орынды иеленіп, Қызылорда облысының білім басқармасының дипломымен, «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ойын технологиясының тиімділігі» тақырыбындағы облыстық әдістемелік облыстық семинарды жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Қызылорда облыстық оқу орталығының сертификатымен марапатталды. Бар ғұмырын бала

тәрбиесіне арнаған Шәкризат Аралбайқызының еңбегі елеусіз емес. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағын ұйымдастырудағы жоғары белсенділігі үшін Қазақстан Республикасы Оу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Қызылорда облыстық оқу орталығының Алғыс хатымен марапатталған.

Алаш ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас шыбық. Жас күнінде қалай иіп тастасаң, солай өседі» - дегеніндей, елдің баласының бойына ұлттыққұндылықтарды сіңіре отырып, баланың қабілетін ашып, дағдысын қалыптастырып, бойына ізгі қасиеттерді сіңіріп жүрген балабақша әдіскері Шәкризат Аралбайқызының еңбегі еріксіз сүйсіндіреді.

Жемісті еңбек – жетістік баспалдағы десек, мектепке дейінгі білім беру ұйымы саласында 33 жылдық тәжірибесі бар Шәкризат Аралбайқызы өз баспалдағында түзу келе жатқан сала маманы, ұжым ұйытқысы, балғын бүлдіршіндердің сүйікті ұстазы. Менде өз саласының майталманы әріптесіме шығармашылық табыстар мен мұнан да биік белестерді бағындыра беріңіз деймін.

**Шарбану БАЕКЕЕВА,**  
**Қазалы қаласы**

## ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҒЫМЫЗ ЖАРҚЫН

Қазіргі таңда басты мәселелердің бірі-сыбайлас жемқорлық. Бұған тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық елдің болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен әсерін тигізеді.

Жемқорлық - заманауысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де зор нұқсан келтіріп отыр. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең

өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Аулымызда- ел экономикасының өсуіне үлкен кедергі келтіретін ең басты қауіптердің бірі осы сыбайлас жемқорлыққа байланысты көкейтесті мәселелерді шешуде, заңдылықты жетілдіруде түрлі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Бұл тек заң қызметкерлері ғана емес, қоғамның кез келген саласындағы азаматтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруы керек, әрбір іс-әрекетті өзімізден бастайық.

**Әділхан ӘБИЛОВ,**  
**«Құмжиек» ауылдық округінің әкімі**

## ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 09 тамыздағы № 39-НҚ бұйрығына сәйкес «Қазалы-Су сервис» МКК-ы бойынша су және сарқынды суды бұру қызметтерінің 2024 жылдың 01 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілетін уақытша өтемдік тарифтері.

| Атауы                                         | Өлшем бірлігі | Суды таратушы желілер арқылы беру, ҚҚС-сыз(тг) | Сарқынды суды бұру қызметі, ҚҚС-сыз(тг) |
|-----------------------------------------------|---------------|------------------------------------------------|-----------------------------------------|
| - Халыққа                                     | 1 текше метр  | 82,67                                          | 51,52                                   |
| - Бюджеттік мекемелер                         |               | 166,51                                         | 346,46                                  |
| - Теміржол мекемелері және тараптық ұйымдарға |               | 821,10                                         | 346,46                                  |

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.  
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.  
**Редакция мен баспахананың мекен-жайы:** 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.  
**Телефондар:** директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.  
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.  
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.  
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

**E-MAIL:** tooturankazaly@mail.ru

**Таралымы 11107 дана.**